«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 1, 2-қосымшаларында көрсетілген Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті

құжаттардың нысандары және «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі), «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған әдістемелік нұсқауы перспективалық жоспар, тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммалар жасау барысында басшылыққа алынған. (бағаланатын кезеңге әзірленген және білім

беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жоспарлары: перспективалық жоспар және тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммаларының көшірмелері, балабақшаның күн тәртібі қоса kamkor-kentau.testim.kz сайтына жүктелді)

Бөбекжай-балабақшаның жылдық жоспарларының мақсат міндеттері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша бөбекжай балабақшаның педагогикалық үрдістерді ұйымдастыруда қойылған негізгі міндеттері:

2021-2022 оқу жылы.

Балабақшаның 2021-2022 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері.

1. Балалардың денсаулығын нығайту ,шынықтыру жұмыстарын түрлендіру
2. және сапасын жақсарту.
3. Рухани адамгершілік құндылықты сіңіру, шығармашылық қабілетін дамыту.
4. Кіші жастағы балалардың сөздік қорын дамыта отырып , балалардың тіл кемістіктерін анықтап , ата-аналармен бірлесе отырып алдын ала түзету жұмыстарын жүргізу.

Негізгі міндеттері :

- Дені сау рухы таза ұлттық салт дәстүр негізінде өмір салты құндылықтарын қалыптастыру.
- Жаңаша көзқарас , жаңа технология бағытында жұмыс жүргізу , қоғам талабына сай жаңаша ұйымдастыру.

Балаларды мектепке дайындау. Мектепте оқуға қажетті дағдылар мен іскерліктерді игерген мектепке дейінгі ұйым түлегінің моделін сомдау. Білуге құмар, эмоцияналды елгезек, белсенді, психологиялық жағынан дайындалған тұлға етіп тәрбиелеу.

Балабақшада 12 топ жұмыс істеп, онда 290 бала тәрбиеленді. Балабақшада «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелерін негізге ала отырып педагогикалық үдеріс жүргізілді. Оқу тәрбие жұмыстарын жүргізуде педагогтар өтпелі тақырыптарға сүйеніп, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сай ұйымдастырылған оқу қызметін бес білім беру салалары бойынша кіріктіріп жұмыс жүргізді.

Мамандармен жұмыс. Ұжымда меңгеруші, 1 әдіскер, 25 тәрбиеші, 2 музыка жетекшісі, 1 орыс тілі мұғалімі, «-1 қазақ тілі мұғалімі , 1 педагог-дефектолог, 1 педагог- психолог жұмыс істеді. Балабақшаның 2021-2022 оқу жылына қойылатын негізгі міндеттері «Денсаулық» және «Шығармашылық», «Қатынас» білім беру салалары бойынша бекітіліп, оқу жылы бастау алғалы осы білім салалары бойынша семинарлар, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізілу жоспарланып, жоспарға сай бекітілген іс-шаралар өз нәтижесін жақсы көрсетті. Балалардың негізгі қимылдарын жетілдіру арқылы қимыл тәжірибелерін байыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулық технологиясын оқу-тәрбие процестерінде қолдану, ойлау қабілетін түрлі тәсілдерді пайдалану арқылы жетілдіру, мәдени- адамгершілік нормаларға, отбасы, қоғам мен мемлекеттік дәстүрлеріне баулу, қоғамда, қоршаған ортада өзін-өзі ұстай білу, құрметтеуге тәрбиелеу міндеттерін алға қоя іс- шаралар атқарылды. Осы міндеттерге жету барысында көрнекіліктерді толықтыру жұмыстары жүргізілді.

Оқу жылының басынан 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Онда қаралған тақырыптар: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары», «Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау», «Педагогикалық әдіс-тәсілдер білім сапасын арттырудың басты құралы», «Балалардың тілдік қорын, рухани жан- дүниесін дамыту», «Қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормалары»,

«Балабақшада жылдық міндеттемелердің орындалуы, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу». Кеңестерде педагогтардың күзіреттілігін дамытуда белсенділігі мен білімін тиянақтау мақсатында кеңес тақырыбына сай баяндамалар, пікір алмасулар, презентациялар арқылы әдістемелік кеңестер өтті.

№1 кеңесте «Білімді ұлт - тұрақты даму кепілі» тақырыбында тамыз педагогикалық кеңесіндегі материалдармен меңгеруші таныстырды. №2 кеңесте «Денсаулық – адамның ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі және жетістігі, №3 кеңесте «Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету» әдіскер Г.Т

Еримбетова ,№4 кеңесте тәрбиеші Ф.Юсупова «Триз технологиясы» шебер сыныбын жүргізді. №5 кеңесте тәрбиеші: Набиева Р.А «Ұстаздың педагогтық әдебі мен мәдениеті» семинар-тренингін өтті. Әрбір кеңесте жылдық міндеттемелерге алған сала бойынша тақырыптарды ашып, педагогтармен тәжірибе алмасып отырдық. Жоспар бойынша әдістемелік кеңестер өтіп, іс- шаралардың уақыты бекітіліп, өткізу деңгейі сараланып, ұсыныстар қаралды. Жыл басынан 3 өндірістік кеңес өткізіліп, онда шаруашылық мәселелер қаралып отырды. (бағаланатын жылдар бойынша педагогикалық, меңгеруші жанындағы және өндірістік кеңестер хаттамалары kamkor-kentau.testim.kz сайтына жүктелді).

Әдістемелік жұмыс. Тәрбиешілер мен мамандардың біліктілік деңгейін арттыру мақсатында оқу жылы барысында балабақшаның негізгі мақсаттарына байланысты тақырыптар таңдалып, сол тақырыптар бойынша балабақша ішілік семинарлар, ашық есік күндері мен ашық оқу қызметтері, кеңестер, әңгімелер өткізілді. Меңгеруші А.К Медетбекова шығармашылық топқа: әдіскер Еримбетова, тәрбиешілер: Досжанова А.С, Набиева Р.А, Ибраева Д.Т, Адилбаева Г.А жыл басында бекітіп, топтағы тәлімгерлер жас мамандармен жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Тәрбиешілер мен мұғалімдер оқу-тәрбие процесін барынша жан-жақты, жаңаша жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды меңгеріп, оқу қызметіне мұқият дайындалып, оқу қызметтерін қызықты, балаға түсінікті әрі нақты өткізуде бір-бірімен тәжірибе алмасты. Оқу жылының қазан айынан бастап тәрбиешілер Р.Н Утегенова «Менің отбасым», Мусанова Б.М «Ас-атасы нан», Исакова Л.Э «Күзгі ағаштар», Джалишева М.Т «Менің Елім», Курбаналиева Э.К «Табиғат ерекшеліктері»

«Алдар көсенің қызықты тапсырмалары», И. Байту «Сандар әлеміне саяхат», Х. Абдухаликова

«Дыбыстар әлемінде», Набиева Р.А «Шалқан ертегісі», Калматай Л.Ө «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» тақырыбында қалалық семинарда дөңгелек үстел ұйымдастырылып ата-аналармен және балабақша педагогтарымен, әдіскер : Г.Т Еримбетова өткізді.

«Ойнайық та, ойлайық» тақырыптарымен қорытынды оқу қызметтерін жақсы деңгейде өткізді. Досжанова А.С «Путешествие в сказочный лес» Утегенова Р.Н Қатысушы тәрбиешілер тәлімгер тәрбиешіден үлгі алып, тәжірибе жинақтады. Оқу тәрбие процестері барысында балалармен жүйелі жұмыс жүретіні, бағдарламаға сай білімдері бар екені көрінді. Әдіскер Г.Т Еримбетова педагогтармен жылдық міндеттеме негізіне байланыстырып семинар-практикумда «Оқу қызметінде интер белсенді әдіс- тәсілдерді қолданудың тиімділігі» атты коучинг өткізіп, онда педагогтар тақырыпқа сай ұйымдастырылған әдіс- тәсілдермен танысып, тәжірибеде бірлесе ойнап, білімдерін арттыра түсті.

Тіл үйренуге балалардың қызығушылығын арттыруда тәрбиешілер мен орыс тілі мұғалімі Ж.Дүйсенбиева тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасады. МАД «Қошақан» тобымен «Осенний сад», Ересек «Боташым» тобымен

«Продукты питания», ортаңғы «Таңшуақ» тобымен «Домашние птицы» тақырыбында ашық оқу қызметін ұйымдастырып балалардың орыс тілін үйренуге белсенділігінің жақсы екенін көрсетті. «Тіл мерекесі» және «Алтын күз», «Жаңа жыл», «Аналар мерекесі», мамыр айының мерекелік ертеңгіліктерінде балалардың орыс тіліндегі кіріктірілген өнерлерімен, тапқатары мен әндері балалардың тіл игерудегі нәтижесінің жасына сай қалыптасып келе жатқаны көрсетті. Балабақшада балалардың орыс тілінде білім алуында педагогтар ата-

аналармен жұмыла жұмыс жасауда.Тілдерді үйренуге ата – аналардың да қосқан үлесі көп. Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы арқасында, балалар оқу процессінде үйренгенін отбасында қайталап, тілдерін жаттықтырып отырды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын балабақшада жүзеге асыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылып, бағдарлама бағыттарын орындау мақсатында жұмыстар жоспарлы атқарылды. Білім бөлімінің хатына сәйкес, Қ.Жандарбеков атындағы драма театры тәрбиелі қойылымдарын балабақшада балаларға тамашалатып, балаларды адамгершілікке баулып, театрға деген қызығушылығын арттыра түсті. 2021 жыл қазан айында Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай ұлы ұстаздың өмірі мен шығармашылығын дәріптеу мақсатында балалармен және балабақша педагогтарымен«Кел, балалар, оқылық!» атты әдеби шығармашылық кеш ұйымдастырылды.2021 жыл 16- желтоқсанда Ел Тәуелсіздігіне 30 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл!» тақырыбында мектепалды даярлық топтарымен іс-шара болып өтті.

МАД «Балдырған», «Қошақан» тобының тәрбиеленушілерімен ұлтқа саналы, білімді ұрпақ қажет екенін ұғындыру, елін, жерін қастерлеуге, білім алуға ықыласын арттырумақсатында «Ұлы даланың жалынды ұрпағымыз» тақырыбында топ балаларымен командалық сайыс ұйымдастырылып, балалардың мақсатқа сай түсінігі тиянақталды. Ал МАД «Чебурашка» тобының тәрбиеленуші қыздарымен көктем мезгіліндегі әсемдік пен көркемдікті қыздың көркіне теңей отырып, қыздарға әдемілік пен қазақ қызына тән инабаттылыққа тәрбиелеу мақсатында ««Наурыз» Арулары» тақырыбында топ қыздарымен командалық сайыс ұйымдастырылды. МАД «Балдырған» тобының 6 отбасы балаларымен «Үлгілі отбасы» сайысына қатысып, балаларға тәрбиелік мәні бар өнерлерімен ортаға түсті. Өнер көрсеткен отбасылар, балалар сыйлықтармен, дипломқағаздарымен марапатталды.

Наурыз айында табиғатқа көрік беру мақсатында, ұжым қызметкерлерімен «Жасыл желек- жанға сая» атты ағаш отырғызу акциясы ұйымдастырылып, ғимарат корпусына тиісті учаскелік жерлерге жауапты қызметкерлер жеміс ағаштары мен әсемдік ағаштарын отырғызды.Сәуір айында ұжым қызметкерлерімендене шынықтыру нұсқаушысы Денсаулық күніне арналған эстафеталық жарыс ұйымдастырып, салауатты өмір салтын ұстануға кеңес берді.

Ел Тәуелсіздігі күніне орай 6-15- желтоқсан күндеріжылдық жоспар негізінде балалардың сурет салуға деген ынтасын арттыру мақсатында, сонымен қатар арман-қиялын, елестету, ойлау, зейінін дамыту, эстетикалық сезімін қалыптастыру, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Тәуелсіздікке 30 жыл!» тақырыбында Тәуелсіздік күніне арналған сурет көрмесі ұйымдастырылып, онда мектепалды даярлық топ балаларының тақырыпқа сай салған суреттері ұсынылды.

Балалармен жұмыс. Балалардың танымын, тіл байлығын, ақыл ой өрісін дамытуда желілі рөлдік ойындар, дидактикалық, логикалық үстел үсті ойындары, сөздік ойындар, серуендер ұйымдастырылды. Балабақша мен мектеп арасындағы байланыс жоспарына сай қазан айында әдіскер: Еримбетова Г.Т өткен оқу жылында балабақшада тәрбиеленіп бітіріп кеткен түлектердің мектепке

бейімделуін бақылады.

«Туған жер» бағдарламасы аясында жергілікті мекемелер қызметін балаларға таныстыра отырып танымдық көзқарасын жетілдіруде: МАД «Қошақан» тобы «Өрт сөндіру бекетіне», МАД «Балдырған» тобы, МАД «Чебурашка» тобы «Ш.Қалдаяқов атындағы мәдинет» сарайына ересек «Росток» тобы «Азық-түлік дүкеніне», ересек «Солнышко» тобы «Шаштаразға» саяхаттарды карантиндік жеңілдетулерден соң 2022 жылдың наурыз айынан бастап балалармен жауапты тәрбиешілері серуенге шығып, туған жер туралы ұғымын оқу қызметтерінде сабақтастыра білді.

Оқу жылы барысында «Алтын күз», «Жаңа жыл», «Аналар мерекесі» ертеңгіліктері мен ойын сауықтарын музыка жетекшілері Паржанова Г.А мен Х.Хамидов ән, билерді, ойын,көрініс сәтіндегі қойылатын дыбыстар мен әуендерді тақырыбы мен жасына сай таңдап, өз деңгейінде, қызықты өткізілді. Баланың негізгі құқықтары жайында тәрбиелеу мен оқыту барысында ертегілер мен әңгімелерді оқып,сюжеттік ойындар түрінде түсіндірілді. Мектепалды даярлық топтарымен 1-қыркүйек Білім күні «Мәңгілік Ел болашағы-білімді де салауатты ұрпақ!», Тілдер мерекесіне орай «Тілім менің-тірегім!» атты тақырыптық ертеңгіліктер өткізілді. Тақырыптық ертеңгіліктер құрылымы тақырыпқа сай қойылымдармен: тақпақтар, хормен орындалған әндер, қойылым арқылы , бүлдіршіндерді жастайынан ұлтжандылыққа баулыды. Балалармен салауатты өмірсалтын қалыптастыруда жоспар бойынша тәрбиеші Мухитова М.А ересек «Росток» тобы балаларымен «Шынықсаң шымыр боласың» дене шынықтыру сауық кешін ұйымдастырып, түрлі қимыл-қозғалыстағы ойындармен сауықтыру шараларын өткізді.

Жылдық жоспарда балалармен әр түрлі тақырыпта жыл мезгілдеріне, мерекелерге байланысты сурет көрмелерін ұйымдастыру жоспарланып, «Сиқырлы күз кереметі» күзгі өнімдерден жасалған көрме жұмыстары, «Шырша сыйлықтары»,

«Мейірімі мол Анашым» тақырыбында дәстүрден тыс сурет салудан бүлдіршіндердің шеберліктері сыналды.Көрме нәтижесімен қорытындылары шығарылып, балабақша әкімшілігі тарапынан жүлделі орын иегерлеріне сый-сыяпаттар табысталды.

Дәрігерлік қызмет. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын шынықтыру жұмысы медициналық педагогикалық бақылау мен дене тәрбиесін түрлендіру мақсатында жұмыстар атқарылды. Балабақша медбикесі А.Шығанбаева қыркүйек айында еліміздегі төтенше жағдай кезінде ата-аналармен ұдайы байланыста болып топтарда жүргізілген онлайн форматтағы ата-аналар жиналыстарына қатысып аудио үндеулер жүргізіп отырды. Медбике мен тәрбиешілердің короновирус инфекциясы жайында түсіндіруінен соң балалар қауіпсіздік шараларын сақтап, қол жуу тәртібіне, түшкіру, т.с.с. мәдени-гигиеналық шараларға дағдыланып қалды. Сонымен қатар «Бала денсаулығы басты назарда», «Дені саудың – жаны сау» т.б тақырыптарда санитарлық ағарту жұмыстары педагогтармен және ата-аналармен де ұдайы жүргізіліп отырылды. Жалпы санитарлық-эпидемиологиялық нормалар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы бойынша жүргізіледі.

Балабақшаға жаңадан келген балаларға бейімделу және оны түзету бойынша ұсынымдар жасау, бейімделу кезеңінің барысын бақыланады. Істер номенклатурасы бойынша күнделікті құжаттарды жүргізіледі. Диспансерлік есептегі балаларға ерекше бақылау болады. Туылғаннан жүрек ақауы бар балалар дене шынықтыру сабақтарына шектеу қойылады. Эндокриндік есептегі балаларды уақытылы дәрі-дәрмегін, суын қабылдап отырылуы қадағаланылады. Әр баланың денсаулық паспортымен балаларды тереңдетілген медициналық тексерістен өткендігін, жалпы зертханалық зерттеулерін, егу кітапшалары қадағаланылды. Балалардың антропометриялық өлшеулері жүргізілді.

Балаларды тамақтандыру нормалары перспективалы маусымдық (жаз – күз, қыс - көктем) мезгілдеріне орай, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасымен келісіліп бекітілген, аймақта өндірілген Отандық өнімдердің ассортименті ескеріле отырып, түзілген ас мәзірі арқылы күнделікті ас мәзірін түзіліп, балалардың тамақтануы қадағаланып отырылады.

Ата-аналармен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс өз деңгейінде жүргізіліп келеді. Қыркүйек айында келісім шарт жасаудан бастап, ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие жоспарымен таныстырып, тәрбиелеу бағытында әр түрлі сауалнамалар жүргізілді. Ата-аналар балалардың білім деңгейін эпидахуал кезінде 2021ж қыркүйек пен наурыз айлары аралығында қашықтықтан бақылап отырды. Қалалық бас дәрігердің шешімімен карантин жеңілдетілген соң наурыз айынан бастап ата-аналар кеңестерге, ойын – сауық, мерекелік іс-шараларға қатысты.

Жылдық жоспар негізінде №1 жалпы ата-аналар жиналысы қазан айында жоспарланып қашықтықтан ұйымдастырылды. 2020-2021 оқу жылына талдау жасалып, 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен ата-аналарды таныстырып, ата-аналар арасынан «Қамқоршылық кеңес» мүшелері сайланды. Ал

№2 жалпы ата-аналар жиналысы мамыр айында жоспарланып, балабақша ғимаратына жиналған ата-аналармен бірқатар мәселелер талқыланды (бағаланатын жылдар бойынша ашық ұйымдастырылған іс- әрекеттер, тақырыптық мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктер, «Рухани жаңғыру» жоспарының іс-шаралары kamkor-kentau.testim.kz сайтына жүктелді).

Озат тәжірибе. «Педагогикалық шеберлік» «Ұлттық ойын түрін дене тәрбиесі сабағында пайдалану мүмкіндіктері» тақырыбында мақала жазып, «Алғыс хатпен» марапатталды. Балабақша әдіскері Еримбетова Г.Т марапатталды.

2022-2023 оқу жылы Педагогикалық үрдістерді ұйымдастыруда қойылатын негізгі міндеттер:

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуде коммуникативтік дағдыларды дамыту ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, командамен жұмыс істеу дағдыларын оқытудың кіріктірілген тәсілімен қарастыру.

Физикалық қасиеттерді дамыту дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды өткізу. Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге

тәрбиелеу.

Балаларды мектепке дайындау. Мектепте оқуға қажетті дағдылар мен іскерліктерді игерген мектепке дейінгі ұйым түлегінің моделін сомдау. Физикалық дамыған, ізденімпаз, бастамшыл, бейімделуге қабілетті, өзіне сенімді, командамен жұмыс істей білетін, эмоционалды жауапты, өзі, отбасы және қоршаған орта туралы алғашқы түсінікке ие тұлға етіп тәрбиелеу.

Балабақшада 12 топ жұмыс істеп, онда 280 бала тәрбиеленді. Балабақшада Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелерін негізге ала отырып педагогикалық үдеріс жүргізілді. Оқу тәрбие жұмыстарын жүргізуде педагогтар Білім және ғылым министрінің 12.08.2016ж. № 499 б. өзгертулермен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 ж. №422 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, бағдарлама мазмұнына сай ұйымдастырылған оқу қызметін физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру міндеттерін кіріктіріп жұмыс жүргізді.

Мамандармен жұмыс. Ұжымда меңгеруші, 1 әдіскер, 26 тәрбиеші, 2 музыка жетекшісі, 1 педагог-дефектолог, 1 қазақ тілі мұғалімі 1 педагог-психолог жұмыс істеді.

Балабақшаның 2022-2023 оқу жылына қойылатын негізгі міндеттері «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» және « Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша бекітіліп, оқу жылы бастау алғалы осы дағдыларды дамыту бойынша семинарлар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері жоспарлы өткізіліп, бекітілген іс-шаралар өз нәтижесін жақсы көрсетті. Балалардың негізгі қимылдарын жетілдіру арқылы қимыл тәжірибелерін байыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды өткізу. Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, сондай-ақ тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуде коммуникативтік дағдыларды дамыту ауыз екі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, командамен жұмыс істеу дағдыларын оқытудың кіріктірілген тәсілімен қарастырып, іс- шаралар атқарылды. Осы міндеттерге жету барысында көрнекіліктерді толықтыру жұмыстары жүргізілді.

Үлгілік қағидалардың 29-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаларына сәйкес құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады» талабы бойынша құжаттары kamkor-kentau.testim.kz сайтына ұсынылды.

Оқу жылының басынан 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Онда қаралған тақырыптар: «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет», «Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау», «Патриот ұрпақ – мәңгілік елдің жетістігі»,

«Педагогикалық әдіс- тәсілдер білім сапасын арттырудың басты құралы», «Балалардың тілдік қорын, рухани жан-дүниесін дамыту», «Қоғамда өзін-

өзі ұстай білудің адамгершілік нормалары», «Балабақшада жылдық міндеттемелердің орындалуы, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу». Кеңестерде педагогтардың құзіреттілігін дамытуда белсенділігі мен білімін тиянақтау мақсатында кеңес тақырыбына сай баяндамалар, пікір алмасулар, презентациялар коучингтер арқылы әдістемелік кеңестер өтті. №1 кеңесте «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі өзгерістер мен толықтырулар» тамыз педагогикалық кеңесіндегі материалдармен меңгеруші Медетбекова А.К таныстырды. №2 кеңесте «Дені саудың жаны сау» әдіскер : Г.Т Еримбетова дөңгелек үстел, №3 кеңесте «Тәлімгер тәрбиеші мен жас мамандардың жұмысын талдау» әдіскер: Еримбетова Г.Т №4 кеңесте «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру біздің басты міндеттіміз» пікір-алмасу әдіскер Г.Т Еримбетова жүргізді.

№5 кеңесте «Озық тәжірбиелі педагогтардың құжаттарын талқылау» тақырыбымен тренинг өтті. Әрбір кеңесте жылдық міндеттемелерге алған сала бойынша тақырыптарды ашып, педагогтармен тәжірибе алмасып отырдық. Жоспар бойынша 6 меңгеруші жанындағы кеңестер өтіп, іс- шаралардың уақыты бекітіліп, өткізу деңгейі сараланып, ұсыныстар қаралды. Жыл басынан 4 өндірістік кеңес өткізіліп, онда шаруашылық мәселелер қаралып отырды (бағаланатын жылдар бойынша педагогикалық, меңгеруші жанындағы және өндірістік кеңестер хаттамалары kamkor-kentau.testim.kz сайтына жүктелді).

Әдістемелік жұмыс. Тәрбиешілер мен мамандардың біліктілік деңгейін арттыру мақсатында оқу жылы барысында балабақшаның негізгі мақсаттарына байланысты тақырыптар таңдалып, сол тақырыптар бойынша балабақша ішілік семинарлар, ашық есік күндері мен ашық ұйымдастырған іс-әрекеттер, кеңестер, әңгімелер өткізілді. Меңгеруші : А.К Медетбекова шығармашылық топқа: әдіскер Г.Т Еримбетова, озат тәрбиешілер: Адилбаева Г.А, Набиева Р.А Юсупова Ф.М Османова Б.А жыл басында бекітіп, топтағы тәлімгерлер-негізгі тәрбиешілер мен ауысымды тәрбиешілер жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Тәрбиешілер мен мұғалімдер оқу- тәрбие процесін барынша жан-жақты, жаңаша жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды меңгеріп, оқу қызметіне мұқият дайындалып, оқу қызметтерін қызықты, балаға түсінікті әрі нақты өткізуде бір-бірімен тәжірибе алмасты. Оқу жылының қазан айынан бастап топ тәрбиешілері «Берекелі күз», «Күзгі жапырақ», «Әлем балалар көзімен», «Біздің мақтанышымыз – ұлттық құндылықтарымыз», «Тәуелсіздік – ел тірегі», ертеңгіліктері өтті.

«Отбасы мен тәрбиешілер арасындағы байланыс» тақырыптарымен балабақшада қалалық семинар тәрбиешілер мен қала балабақшаларының тәрбиешілері қатысты. «Біз не үйрендік, не білдік?», И.Байту «Білімпаздар елінде» тақырыптарымен қорытынды іс-әрекет жақсы деңгейде өткізді. «Ертегілер әлеміне саяхат», тақырыбында, тәрбиеші Л.Калматай «Болашақтан болашаққа ана тілімен», қазақ тілі пән мұғалімі Сопбекова К.С «Музыка әлеміне саяхат» атты саз жетекші Г.А Паржанова ашық ұйымдастырған іс-әрекетін ұйымдастырды. Қатысушы тәрбиешілер тәлімгер тәрбиешіден үлгі алып, тәжірибе жинақтады. Оқу тәрбие процестері барысында балалармен жүйелі жұмыс жүретіні, бағдарламаға сай білімдері бар екені көрінді. Әдіскер: Еримбетова Г.Т педагогтармен жылдық міндеттеме негізіне байланыстырып семинар- практикумда «Бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру» атты коучинг өткізіп, онда педагогтар тақырыпқа сай ұйымдастырылған әдіс- тәсілдермен танысып, тәжірибемен алмасып,

білімдерін арттыра түсті.

«Тіл мерекесі» және «Алтын күз», «Жаңа жыл», «Аналар мерекесі», мамыр айының мерекелік ертеңгіліктерінде балалардың шығармашылық кіріктірілген өнерлерімен, тапқатары мен әндері балалардың тіл игерудегі нәтижесінің жасына сай қалыптасып келе жатқаны көрсетті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын балабақшада жүзеге асыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылып, бағдарлама бағыттарын орындау мақсатында жұмыстар жоспарлы атқарылды. Әдіскер: Г.Т Еримбетова «Ұлт ұстазы» тақырыбында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай ұлы ұстаздың өмірі мен шығармашылығын дәріптеу мақсатында педагогтармен шығармашылық кеш, Тілдер күні мерекесіне арналған «Ана тілім-айбыным» іс-шарасын мектепалды «Боташым», «Солнышко», «Росток» топтарымен музыка жетекшісілері Г.А Паржанова мен Х.Хамидов ұйымдастырды. Жылдық жоспар негізінде балаларды кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында «Кітап бұрышы» топтардың балалар кітаптары бойынша көрме жұмысы, «Қарты бар үйдің қазынасы бар» 1-қазан Қарттар күніне арналған ата-аналармен челлендж, 22-Наурыз Ұлыстың ұлы күні «Наурызым-қош келдің!» мектепалды, ересек топтарымен іс-шара өз деңгейінде өтті. Мектепалды

«Боташым» тобының тәрбиеленушілерімен ұлтқа саналы, білімді ұрпақ қажет екенін ұғындыру, елін, жерін қастерлеуге, білім алуға ықыласын арттыру мақсатында «Ұлтжанды кішкентай өнерпаздар» командалық сайысы, «Мерейлі отбасы» отбасылық сайыс мектепалды «Еркетай» тобының 6 отбасы балаларымен

«Үлгілі отбасы» сайысына қатысып, балаларға тәрбиелік мәні бар өнерлерімен ортаға түсті. Өнер көрсеткен отбасылар, балалар сыйлықтармен, дипломқағаздарымен марапатталды. «Ұлттық бұрыш» көрмесі балабақшаның барлық тобының ұйымдастыруымен қолөнер бұйымдарын балаларға таныстыру, сюжеттік ойындар ойнауға мүмкіндік жасау мақсатында ұйымдастырылды.

«Алғыс айту - адамзаттың асыл қасиеті» ата-аналармен ұйымдастырылатын іс-шараны педагог-психолог М.Асанова, ата-аналармен бірге «Асығың алшысынан болсын!» ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында асық жинау акциясы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жыл қорытындысы негізінде «Ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіре тәрбиелеу» атты өңірлік семинар әдіскер: Еримбетова Г.Т ұйымдастыруымен өткізілді. Күнделікті іс-шаралар балабақшаның фейзбук парақшасында орналастырылды. (бағаланатын жылдар бойынша ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, тақырыптық мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктер, «Рухани жаңғыру» жоспарының іс-шаралары kamkor-kentau.testim.kz сайтына жүктелді).

2023-2024 оқу жылы Педагогикалық үрдістерді ұйымдастыруда қойылатын негізгі міндеттер:

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуде коммуникативтік дағдыларды дамыту ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, командамен жұмыс істеу дағдыларын оқытудың кіріктірілген тәсілімен қарастыру.

Физикалық қасиеттерді дамыту дене сапаларын және қимыл

белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды өткізу. Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу.

Балаларды мектепке дайындау. Мектепте оқуға қажетті дағдылар мен іскерліктерді игерген мектепке дейінгі ұйым түлегінің моделін сомдау. Физикалық дамыған, ізденімпаз, бастамшыл, бейімделуге қабілетті, өзіне сенімді, командамен жұмыс істей білетін, эмоционалды жауапты, өзі, отбасы және қоршаған орта туралы алғашқы түсінікке ие тұлға етіп тәрбиелеу.

Балабақшада 12 топ жұмыс істеп, онда 280 бала тәрбиеленді. Балабақшада Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелерін негізге ала отырып педагогикалық үдеріс жүргізілді. Оқу тәрбие жұмыстарын жүргізуде педагогтар Білім және ғылым министрінің 12.08.2016ж. № 499 б. өзгертулермен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 ж. №422 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, бағдарлама мазмұнына сай ұйымдастырылған оқу қызметін физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру міндеттерін кіріктіріп жұмыс жүргізді.

Мамандармен жұмыс. Ұжымда меңгеруші, 1 әдіскер, 24 тәрбиеші, 2 музыка жетекшісі, 1 педагог-дефектолог, 1 қазақ тілі мұғалімі 1 педагог-психолог жұмыс істеді.

Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына қойылатын негізгі міндеттері Мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, туған жерге деген сезім мен махаббатқа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығын қамтамасыз ету.

Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру.

Балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, рухани –адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағдарланған білім беру салаларында интеграциялық амалдарын қолдану. Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуде бақша мен отбасы қауымдастығының жұмысын жетілдіру. Осы міндеттерге жету барысында көрнекіліктерді толықтыру жұмыстары жүргізілді.

Үлгілік қағидалардың 29-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаларына сәйкес құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады» талабы бойынша құжаттары kamkor-kentau.testim.kz сайтына ұсынылды.

Оқу жылының басынан 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Онда қаралған тақырыптар: «Терең білім, еңбек қорлық және отаншылдық қасиет», «Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау», «Патриот ұрпақ – мәңгілік елдің жетістігі»,

«Педагогикалық әдіс- тәсілдер білім сапасын арттырудың басты құралы»,

«Балалардың тілдік қорын, рухани жан-дүниесін дамыту», «Қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормалары», «Балабақшада жылдық міндеттемелердің орындалуы, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу». Кеңестерде педагогтардың күзіреттілігін дамытуда белсенділігі мен білімін тиянақтау мақсатында кеңес тақырыбына сай баяндамалар, пікір алмасулар, презентациялар коучингтер арқылы әдістемелік кеңестер өтті. №1 кеңесте «Әділетті Қазақстан сапалы білім адал ұрпақ табысты ұлт» тамыз педагогикалық кеңесіндегі материалдармен меңгеруші Медетбекова А.К таныстырды. №2 кеңесте «Ұлттық біліктілік тестілеу» әдіскер : Г.Т Еримбетова , №3 кеңесте «Тұмау ,грип ауруларының алдын алу шаралары» №4 кеңесте «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру біздің басты міндеттіміз» пікір-алмасу әдіскер Г.Т Еримбетова жүргізді.

№5 кеңесте «Озық тәжірбиелі педагогтардың құжаттарын талқылау» тақырыбымен тренинг өтті. Әрбір кеңесте жылдық міндеттемелерге алған сала бойынша тақырыптарды ашып, педагогтармен тәжірибе алмасып отырдық. Жоспар бойынша меңгеруші жанындағы кеңестер, әдістемелік кеңестер өтіп, іс-шаралардың уақыты бекітіліп, өткізу деңгейі сараланып, ұсыныстар қаралды. Жыл басынан 3 өндірістік кеңес өткізіліп, онда шаруашылық мәселелер қаралып отырды (бағаланатын жылдар бойынша педагогикалық, меңгеруші жанындағы және өндірістік кеңестер хаттамалары kamkor-kentau.testim.kz сайтына жүктелді).

Әдістемелік жұмыс. Тәрбиешілер мен мамандардың біліктілік деңгейін арттыру мақсатында оқу жылы барысында балабақшаның негізгі мақсаттарына байланысты тақырыптар таңдалып, сол тақырыптар бойынша балабақша ішілік семинарлар, ашық есік күндері мен ашық ұйымдастырған іс-әрекеттер, кеңестер, әңгімелер өткізілді. Меңгеруші :А.К Медетбекова шығармашылық топқа: әдіскер Г.Т Еримбетова, озат тәрбиешілер: Адилбаева Г.А, Набиева Р.А Юсупова Ф.М Османова Б.А жыл басында бекітіп, топтағы тәлімгерлер-негізгі тәрбиешілер мен ауысымды тәрбиешілер жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Тәрбиешілер мен мұғалімдер оқу- тәрбие процесін барынша жан-жақты, жаңаша жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды меңгеріп, оқу қызметіне мұқият дайындалып, оқу қызметтерін қызықты, балаға түсінікті әрі нақты өткізуде бір-бірімен тәжірибе алмасты. Оқу жылының қазан айынан бастап топ тәрбиешілері «Берекелі күз», «Күзгі жапырақ», «Әлем балалар көзімен», «Біздің мақтанышымыз – ұлттық құндылықтарымыз», «Тәуелсіздік – ел тірегі», ертеңгіліктері өтті.

«Отбасы мен тәрбиешілер арасындағы байланыс» тақырыптарымен балабақшада қалалық семинар тәрбиешілер мен қала балабақшаларының тәрбиешілері қатысты. «Біз не үйрендік, не білдік?», И.Байту «Білімпаздар елінде» тақырыптарымен қорытынды іс-әрекет жақсы деңгейде өткізді.»Ертегілер әлеміне саяхат», тақырыбында, тәрбиеші Л.Калматай «Болашақтан болашаққа ана тілімен», қазақ тілі пән мұғалімі Сопбекова К.С «Музыка әлеміне саяхат» атты саз жетекші Г.А Паржанова ашық ұйымдастырған іс-әрекетін ұйымдастырды. Қатысушы тәрбиешілер тәлімгер тәрбиешіден үлгі алып, тәжірибе жинақтады. Оқу тәрбие процестері барысында балалармен жүйелі жұмыс жүретіні, бағдарламаға сай білімдері бар екені көрінді. Әдіскер: Еримбетова Г.Т педагогтармен жылдық міндеттеме негізіне байланыстырып семинар- практикумда «Бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру» атты коучинг өткізіп, онда педагогтар тақырыпқа сай ұйымдастырылған әдіс- тәсілдермен танысып, тәжірибемен алмасып,

білімдерін арттыра түсті.

«Тіл мерекесі» және «Алтын күз», «Жаңа жыл», «Аналар мерекесі», мамыр айының мерекелік ертеңгіліктерінде балалардың шығармашылық кіріктірілген өнерлерімен, тапқатары мен әндері балалардың тіл игерудегі нәтижесінің жасына сай қалыптасып келе жатқаны көрсетті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын балабақшада жүзеге асыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылып, бағдарлама бағыттарын орындау мақсатында жұмыстар жоспарлы атқарылды. Әдіскер: Г.Т Еримбетова «Әжемнің ертегісі» тақырыбында ата-әжелері мен балалармен ертегі айту Тілдер күні мерекесіне арналған «Ана тілім асыл қазынам» іс-шарасын мектепалды «Балбұлақ», «Рауан», «Солнышко», «Звездочка» топтарымен музыка жетекшісілері Г.А Паржанова мен Х.Хамидов ұйымдастырды. Жылдық жоспар негізінде балаларды кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында «Кітап бұрышы» топтардың балалар кітаптары бойынша көрме жұмысы, «Қарты бар үйдің қазынасы бар» 1-қазан Қарттар күніне арналған ата-аналармен челлендж, 22-Наурыз Ұлыстың ұлы күні «Наурызым-қош келдің!» мектепалды, ересек топтарымен іс-шара өз деңгейінде өтті.

Мектепалды «Балбұлақ» тобының тәрбиеленушілерімен ұлтқа саналы, білімді ұрпақ қажет екенін ұғындыру, елін, жерін қастерлеуге, білім алуға ықыласын арттыру мақсатында «Ұлтжанды кішкентай өнерпаздар» командалық сайысы, «Мерейлі отбасы» отбасылық сайыс мектепалды «Еркетай» тобының 6 отбасы балаларымен «Үлгілі отбасы» сайысына қатысып, балаларға тәрбиелік мәні бар өнерлерімен ортаға түсті. Өнер көрсеткен отбасылар, балалар сыйлықтармен, дипломқағаздарымен марапатталды. «Ұлттық бұрыш» көрмесі балабақшаның барлық тобының ұйымдастыруымен қолөнер бұйымдарын балаларға таныстыру, сюжеттік ойындар ойнауға мүмкіндік жасау мақсатында ұйымдастырылды.

«Алғыс айту - адамзаттың асыл қасиеті» ата-аналармен ұйымдастырылатын іс-шараны педагог-психолог М.Асанова, ата-аналармен бірге «Асығың алшысынан болсын!» ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында асық жинау акциясы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жыл қорытындысы негізінде «Ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіре тәрбиелеу» атты өңірлік семинар әдіскер: Еримбетова Г.Т ұйымдастыруымен өткізілді. Күнделікті іс-шаралар балабақшаның фейзбук парақшасында орналастырылды. (бағаланатын жылдар бойынша ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, тақырыптық мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктер, «Рухани жаңғыру» жоспарының іс-шаралары kamkor-kentau.testim.kz сайтына жүктелді).

Дәрігерлік қызмет. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын шынықтыру жұмысы медициналық педагогикалық бақылау мен дене тәрбиесін түрлендіру мақсатында жұмыстар атқарылды. Балабақша медбикесі Мауленова Назира Мамыровна, өз міндетіне сай жылдық жоспары жасақталған. Медбикенің жоспарына растайтын құжаттар kamkor-kentau.testim.kz ресми сайтқа ұсынылған.

Үлгілік қағидалардың 25-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптардың педагогтері "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін,

медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтеді» талабы орындалған, растайтын құжаттар kamkor-kentau.testim.kz ресми сайтқа ұсынылған.

Ата-аналармен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс өз деңгейінде жүргізіліп келеді. Қыркүйек айында келісім шарт жасаудан бастап, ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие жоспарымен таныстырып, тәрбиелеу бағытында әр түрлі сауалнамалар жүргізілді.

Үлгілік қағидалардың 26-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымшаақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға жалақы төлеуге, құралдар сатып алуға, "Білім туралы" Заңның 63-бабына сәйкес тиісті дамытушы орта құруға бағытталады» талабы ата-аналар тарапынан өтініш түспегендіктен қарастырылмады.

Үлгілік қағидалардың 27-тармағына сәйкес «Отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың атааналары үшін білім беру ұйымдарында ата-аналардың қажеттіліктері ескеріліп, консультациялық пункттер құрылады» талабына талдау жасалып, растайтын құжаттар kamkor-kentau.testim.kz сайтына ұсынылды.

Үлгілік қағидалардың 28-тармағына сәйкес «Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құрылады» талабы балабақшаға жоғарыда аталған талап бойынша отбасылардан өтініш түспеді.

5. Оқу-материалдық активтер

МКҚК «Қамқор» бөбекжай балабақшасында ғимарат іші-сырты, жиһаз және жабдықтармен қамтылуы тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сай жабдықталған.

Балабақша ғимараты 1986 жылы іске қосылып, үздіксіз жұмыс жасап келеді. Типтік үлгімен 280 балаға арналып салынған 2 қабатты ғимарат тұрады. Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай жабдықталған. Су, электр жүйесі орталықтандырылған. Жылу жүйесі орталық қазандықта жылытылады. Кәріз бен жылу жүйесі автономды. Балабақшаның әрбір топ бөлмесі өрт-дабыл қондырғылары және бейне бақылау камераларымен, кварцпен жабдықталған. Балабақшада интернет бар. Топтық және жататын бөлмелер бір-бірінен бөлінген. Әр бір топтың өзінің бөлек есігі бар.

Балабақшамызда баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту,

толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Топтары таза, кең, жарық, ойыншықтары мол. Барлық топтарда пәндік-дамытушы орта көп функционалды, қарқынды, балалардың жастарына сай дамуының ерекшелігін және мектепке дейінгі балалардың іс-әрекеттерінің ауысып отыратындығын есепке алып құрылған.

Бірінші қабатта әкімшілік бөлмелері, қойма, кір жуу орны және медицина бөлмелері, топтар орналасқан. Екінші қабатта топтар бүлдіршіндердің жатын, ойын, әжетхана, қабылдау бөлмелері орналасқан. Балабақша ғимаратының алдында ойын алаңдары талапқа сай жабдықталған.

Балабақша учаскелерінде әр топтың өз серуендейтін жері (учаскесі) бар, мұнда әрбір жас ерекшелігіне сәйкес ойын құрал-жабдықтарымен қамтамыз етілген. Арнайы ойын-сауық өткізу үшін, жазғы уақыт аралығында балалармен қимыл ойындар мен дене жаттығуларын ұйымдастыруды көздейтін спорттық алаңы бар. Бала денсаулығын нығайтатын ойын құралдары бар спорт алаңдары, әр топқа арналған көлеңкелі саяжайлары бар, олар ойын құралдарымен: карусель, әткеншектер, сырғанақ төбешіктері, құм толтырылған бастырмалармен жабдықталған. Жазғы шомылуға арналған ашық бассейн су жануарларымен безендірілген. Ғимарат айналасы түрлі ағаштар, гүлзарлармен көгалдандырылған. Медицина бөлмелері: емшара бөлмелері, оқшаулау бөлмесі, балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын құралдармен, кварцпен және дәрі-дәрмекпен, санитарлық қағидаларға 12-қосымшаға сай құрал-саймандармен жабдықталған.

МКҚК «Қамқор» бөбекжай-балабақшасы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериал, фото суреттер, жабдық пен жиһазға арналған жүкқұжаттардың көшірмелері, бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмесі әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте kamkor-kentau.testim.kz сайтына қоса берілді.

Үлгілік қағидалардың 9-тармағы бойынша «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады» талабы бойынша құжаттары, жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері сайтына ұсынылды.

№	Топтардың жас ерекшелігі	Дамытушы-заттық кеңістік орта құралдары
1.	Мектепалды «Рауан» тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Гимнастикалық таяқшалар,кеглилер,құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар,сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер,жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар. Қимылды ойындар атрибуттары:«Аюлар мен аралар, «Аққулар мен қаздар, «Машина айдау», «Ұшақтар», «Құстар», «Бөрене үстінде сайысу», «Қармақ», «Жапырақ жинау», «Аңшылар», «Ханталапай», «Мысық пен тышқан», «Аюдың апаны», «Өз ағашыңды тап», «Жүргізушілер мен жолаушылар» Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер Бейне таспалар «Қысқы орман», «Көктем», «Халықтар достығы», «Менің Астанам», «Жабайы аңдар» Мултфильмдер,ойыншықтар,сөздік ойындар жинағы, Әуенді кесте.Сөйлейтін әліппе.Магнитті әріптер Суретті альбомдар-дидактикалық құралдар: «Ыдыстар», «Жиһаздар», «Тағам түрлері», «Киімдер», «Азық түліктер», «Үй жануарлары», «Құстар», «Жәндіктер», «Бидай өнімдері», «Музыкалық аспаптар», «Жыл мезгілдері», «Мамандықтар», «Гүлдер», «Ағаштар», «Көкөністер», «Жемістер» Сюжеттік-рөлдік ойындар: «Кітапхана», «Киім дүкені», «Почташы», «Дәріхана», «Қонақ күту», «Асхана», «Емхана», «Аспазшы», «Шаштараз», «Киіз үйде қонақта» Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары Магнитті математика.Сандар.Пішіндер.Пішінді денелер,санағыштар.таяқшалар.есеп шоттар.Домино.Лего.Мозайка.Танграм.Қиық суреттер. Өртүрлі тақырыптағы лото, Үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы, Көлемді өлшеуге арналған материалдары бар өлшейтін стакандар мен қасықтар Өртүрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер, Сандар кассасы, Санау материалы, ұзын-қысқа, жуан-жіңішке ленталар, Асықтар. Шығармашылық дағдыларын ,зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Театр түрлері. Көлеңкелі театр «Тырна мен түлкі», «Аққу- қаздар» Үстел үсті театры «Маймақ қаз», «Саңырауқұлақсаясында», «Жеті лақ ертегісі», «Шалқан», «Қолғап». Қуыршақ театры: «Алма»ертегісі, «Үш торай» ертегісі, «Жыл басына таласқан хайуанаттар», «Мүйізіне мақтанған бұқашық» Зерттеу құралдары:Су бояулар, қылқаламдар, қарындаштар , губкалар, ермексаз, тақтайшалар, түтікшелер, стакандар, жіптер ,маталар,қима қағаздар,пластмаса ыдыстар,қасықтар,өлшеу құралдары,жолақшалы карточкалар,түсті құмдар Матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар, Тазалауға арналған мүкәммалдар (леген, шүберектер, щеткалар) Ауыл шаруашылығы және тұрмыстық еңбектің фото және суреттері бар, Өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар Жапсыруға арналған материалдар мен құралдар: түрлі-түсті қағаз, түрлі-түсті және ақ картон, мата, желім, қайшы, скотч, Музыкалық ойыншықтар Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру құралдар Глобус, теледидар, Қазақстан елінің картасы,Рәміздер суреттері Дидактикалық ойындар жинағы «Бағдаршам», «Қай мезгілде болады?», «Қазақстан қалалары», «Сәнді киімдер үлгісін көрсету», «Не қайда өседі?»,

		«Дәрілік шөптер мен бөлме өсімдіктерін ата», «Туған өлкем», «Құтқарушы машиналар», «Қалай амандасу керек, « Адам және табиғат» Ұлттық бұрыш: киіз үй, тұмарша, қамшы, ошақ, тақиялар, сандық, көрпе-көрпешелер, жастық, бесік, домбыра, қобыз, қоржын, түс киіз, ұлттық киімдегі ұл-қыз бала, түйелер керуені, ұлттық зергерлік бұйымдар.
